

### «Қолма-қол ақшалай – қажет несиесі»

<b>Қамсыздандыру</b>	қамсыздандырусыз
<b>Валюта</b>	KZT
<b>Мерзімі (айлармен)</b>	6 - 60
<b>Қарыз сомасы</b>	100 000 KZT бастап 7 000 000 KZT дейін
<b>Несиені мақсатты пайдалан</b>	Тұтынушылық мақсаттар (кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес кез келген)
<b>Қарызгерге қойылатын талаптар</b>	азаматтығы – Қазақстан Республикасы Қарызгердің жасы – 23 жастан жоғары, кредитті өтеу кезінде Қарызгердің жасы зейнетке шығу жасынан аспауы тиіс.
<b>Төлеу қабілеттілігі</b>	«Азаматтарға арналған Үкімет» МК есебіне және кірістер туралы анықтамаға сәйкес табысты толық растау. Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар табыстар туралы анықтамаға сәйкес міндетті зейнетақылық жарналар төлемінен босатуды растайтын құжаттар болған жағдайда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақылық жарналарды төлеуден босатылған.

### Комиссиямен несиелеудің шарттары

<b>Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық)*</b>	8% бастап
<b>Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (жылдық)</b>	18,77% - бастап
<b>Қарызды алуға өтінішті және құжаттарды қарастырғаны үшін комиссия</b>	жоқ
<b>Қарызды ұйымдастырғаны үшін комиссия</b>	қарыз сомасының 5%-нан бастап
<b>Ұсынылған қарыз шарттарын өзгерткені үшін комиссия:</b> 1. өтеу кестесі; 2. қарыз валютасы; 3. сыйақы мөлшерлемесі; 4. өтеу тәртібі	3 000 теңге, бірақ қарыз сомасы (несиелік берешек) қалдығының 1% аспайды
<b>Келесі сұрақтарды қарастырғаны үшін комиссия:</b> 1. қарызгердің (тең қарызгердің), гаранттың (кепілгердің) бастамасы бойынша қарызгермен (тең қарызгермен), гарантпен (кепілгермен) байланысты шарттарды өзгерту; 2. жеке тұлғаның тұрғылықты орны бойынша тіркеуге (тіркеуден шығаруға) келісім туралы анықтаманы клиенттің өтініші бойынша беру	3 000 теңге, бірақ қарыз сомасы (несиелік берешек) қалдығының 1% аспайды
<b>Қарыз бойынша несиелік берешек туралы анықтаманы клиенттің өтініші бойынша бергені үшін комиссия</b>	2 000 теңге
<b>Қарызды мерзімнен бұрын бөліктен (толықтай) өтегені үшін комиссия</b>	жоқ

### Комиссиясыз несиелеудің шарттары

Сыйақы мөлшерлемесі (жылдық)*	30%
Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі (жылдық)	34,5% - бастап

**«Bank RVK» АҚ-да қарыз алуға несиелік өтінімді қарастыру үшін құжаттар тізімі:**

- 1) Қарызгердің/тең қарызгердің– жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат (көшірме) – міндетті түрде жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) болуы қажет;
- 2) Қарызгердің өтініш беру күнінің алдындағы ретті алты ай үшін қарызгердің төлемге қабілеттігін көрсететін және растайтын құжаттар (жалақыны көрсететін және растайтын өзге құжаттар болмаған кезде «Азаматтарға арналған үкімет» МК алынған есеп / қызмет көрсететін банктен алынған соңғы 6 (алты) ай үшін кірісті көрсететін шот бойынша үзінді көшірме);
- 3) Міндетті зейнетақы жарналарынан босатуды растайтын құжат (Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған жеке тұлғаларға);
- 4) Өнім шарттарына сәйкес Банктің талабы бойынша өзге құжаттар.

"Bank RVK" АҚ Активтерін және пассивтерін басқару жөніндегі комитеттің шешімімен бекітілген Жеке тұлғаларды кредиттеу шарттары (17.03.2020 жылғы №12 хаттама)